

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

**"Президент - ел тірегі"**ЖАРИЯЛАНДЫ  
13.01.2020СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/66595/>**Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы****«Теңге бөбекжай-бақша» тәрбиеші Изтурганова Гульмира Ордабаевна****№2 «Балапан» тобында ұйымдастырылған оқу қызметінің оқу тәрбие жоспары****Білім беру саласы:** Коммуникация**Ұ.О.Қ:** Сөйлеуді дамыту**Тақырыбы:** «Президент - ел тірегі».**Мақсаты:** Елбасымыздың туып өскен жері, өмір жолы, қызмет еткен кезеңі туралы мағлұмат беру.**Білімділік:** Рәміздермен таныстыру**Дамытушылық:** Патриоттық сезімін дамыту**Тәрбиелік:** Балаларды Отанын, халқын, жерін сүйуге, батылдыққа, азаматтыққа тәрбиелеу.**Күтілетін нәтиже; жасайды:** өз елінің президентін тани білу**Әдіс-тәсілдер:** көрсету, түсіндіру, әңгімелеу, ойын, сұрақ-жауап.**Қолданылатын көрнекі құралдар:** слайд, лепбук, көрнекілік.

Ұ.О.Қ.

Жоспарланған оқу қызметінің әрекеті

<b>I Кіріспе бөлім</b>	<b>Шаттық шеңбер:</b> Армысың, қайырымды аспан ата! Армысың, мейірімді жер ана! Армысың шұғылалы алтын күнім! Армысың, балабақша дос – жараным!  <b>Әнұран</b>
------------------------	--

<p><b>II Негізгі бөлім</b></p>	<p>-Балалар, бүгінгі тақырыптық ашық оқу қызыметіміз қызықты өтпек, себебі бүгін – Президент күні.          -Балалар, бүгінгі тақырыптық ашық оқу қызыметіміздің тақырыбы «Президент – ел тірегі».          — Балалар, біздің отанымыз қалай аталатынын білемізбе?          — «Қазақстан» дұрыс. Біздің ұлтымыз қазақ.          — Балалар, кім отанымыз туралы мақал-мәтел біледі?</p> <p>Ф.Ислам Отан – оттан ыстық.          Нұрсұлтан          К.Жайна Отан отбасыдан басталад.</p> <p>— Жарайсындар          — Ал енді балалар, біздің тұңғыш Президентімізбен танысайық.</p> <p><b>Слайд.</b>          Әбішұлы Назарбаев Алматы облысында дүниеге келген. Мектепті жақсы оқыған, үшқыш болуды армандаған. Қазақстан Тәуелсіздік алған кезде Нұрсұлтан Назарбаев біздің президент болып тағайындалған. Қазақстан үшін сіңірген еңбегі өте зор.</p> <p>Елбасы туралы тақпақтар.</p> <p>С.Кәусар Елбасыым жолдайды,          Халқы оны қолдайды.</p> <p>С.Алиәскер Елбасы елді қорғайды,          Халық қамын ойлайды.</p> <p><b>Сергіту сәті:</b>          Күнім күліп арайлы,          Тереземнен қарайды.          Достарыммен шеңберге          Тұрғанымды қалайды.</p> <p>Рәміздермен таныстыру.</p> <p><b>Ойын «Құрастыру».</b></p> <p>— Балалар, сендерді Нұрсұлтан Назарбаевтың соңғы жұмыстарының бірімен таныстырайын.</p> <p><b>Ұлы даланың - жеті қыры.</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Атқа міну мәдениеті.</li> <li>2. Ұлы даладағы ежелгі металлургия.</li> <li>3. Аң стилі.</li> <li>4. Алтын Адам.</li> <li>5. Түркі әлемінің бесігі.</li> <li>6. Ұлы жібек жолы.</li> <li>7. Қазақстан – алма мен қызғалдақтың отаны.</li> </ol> <p>Алма мен қызғалдақ туралы «Лепбук» арқылы түсіндіру, әңгімелеу, ойын ойнау.</p> <p>-Жарайсындар балалар!</p> <p>-Балалар, енді сендерді біздің жаңа Президентімізбен таныстырайын. Бұл Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2019 жылдың маусым айынан бастап Қазақстан Республикасының Президенті. Қасым-Жомарт Тоқаевтың ең алғашқы президенттік жұмысының бірі елордамыз Астананың атын тұңғыш президентіміздің атымен атап «Нұр-сұлтан» деп өзгертуі.</p>
--------------------------------	--

<b>III Қорытынды бөлім</b>	<p>— Балалар, бүгінгі тақырыптық оқу қызметімізде не білдік? Экранға қарап еске түсірейкші.</p> <p><b>Тосын сәт:</b> Қоңаққа Томпақ келді.</p> <p>— Сәлем балалар, менің атым – Томпақ. Мен сендерге ғаламшардан ұшып келдім.</p> <p>— Сәлем Томпақ.</p> <p>— Мен сендердің топтарыңда ашық оқу қызметі болып жатқанын естіп қалдым. Сендердің бүгінгі тақырыпта не үйренгендеріңді білгім келеді.</p> <p>— Кәнекей балалар Томпаққа бүгін білгенімізді айтып берейік.</p> <p>— Қандай керемет, рақмет балалар. Сіздің отаныңыз туралы көп нәрсе білдім. Сендерге тағыда қоңаққа келемін, келесі кездескенше сау болыңыздар.</p> <p>— Сау бол Томпақ!</p> <p>— Жарайсыңдар балалар, бүгінгі ашық оқу қызметіміз сендерге ұнадыма?</p> <p>— Ендіше қоңақтарымызбен қоштасайық. Сау болыңыздар!</p>
----------------------------	---

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.